

Тургунбаев Е.¹, Суюндикова М.²

¹тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, e-mail: turgunbaev_63@mail.ru

²магистрант, e-mail: makpal1226@mail.ru

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

**ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДАҒЫ
ТАРИХИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕР: ТІЗІМДЕЛУ, ЗЕРТТЕЛУ
ЖӘНЕ КОНСЕРВАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ТАЛДАУ**

Мақалада Қызылорда облысында орналасқан тарихи мәдени ескерткіштерді тізімдеу, қорғау, сақтау, насихаттау, зерттеу және қайта қалпына келтіру мәселелері қарастырылған. Ескерткіштерді қорғау мәселесі Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Заңы және одан туындайтын қағидалар негізінде сарапталды. Зерттеу барысында Қызылорда облысында орналасқан тарихи және мәдени ескерткіштердің жалпы тізімі Қызылорда қаласымен жеті ауданға бөлінген. Сығанак, Жанкент, Шірік Рабад ескерткіштеріне жүргізілген археологиялық қазба барысы Жент, Асанас, Сортөбе қалашықтарының алдағы уақытта зерттелу мәселесі де қарастырылды. Сонымен қатар облыс көлеміндегі 2004–2017 жылдар аралығындағы реставрация жүргізілген ескерткіштердің тізімі көрсетілген. Қызылорда облысындағы тарихи-мәдени мұраларды зерттеу, насихаттау, қорғау және пайдалану мәселелері бойынша облыс әкімдігі жанынан 2013 жылы құрылған ғылыми-әдістемелік Кеңестің бүгінгі таңдағы атқарып отырған жұмыс нәтижелері жайлы айтылады.

Түйін сөздер: Тарих және мәдениет ескерткіштері, төлқұжат, қорғау тақтасы, қорғау міндеттемесі, реставрация, консервация.

Turgunbayev Ye.¹, Sujundikova M.²

¹kandidat, docent, e-mail: turgunbaev_63@mail.ru

²magistrant, e-mail: makpal1226@mail.ru

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

**Historical and cultural monuments of Kyzylorda oblast:
analysis of problems of systematization, study and conservation**

The article deals with the preservation, dissemination, study and restoration of historical and cultural monuments located in the territory of the Kyzylorda region. As the criteria for assessing the activities of local executive bodies, the Law of the Republic of Kazakhstan of July 2, 1992 “On the Protection and Use of Historic and Cultural Heritage Sites” was adopted. Monuments of history and culture, located within the Kyzylorda region, were included in seven conditionally separated regions, including the city of Kyzylorda. The article examines the results of ongoing research on the monuments of Syganak, Zhankent and Chirik-Rabad, as well as further study of the cities of Gent, Asanas and Sortobe. In addition, the list of restored monuments on the territory of the region in 2004–2017 is given. The article also notes the results of the scientific and methodological council, established in 2013, on the issues of studying, preserving, popularizing and using the historical and cultural heritage of the Kyzylorda region.

Key words: Historical and cultural monuments, passport, security boards, security obligations, restoration, conservation.

Тургунбаев Е.¹, Суюндикова М.²

¹кандидат исторических наук, доцент, e-mail: turgunbaev_63@mail.ru

²магистрант, e-mail: makpal1226@mail.ru

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

Историко-культурные памятники Кызылординской области: анализ проблем систематизации, изучения и консервации

В статье рассматриваются вопросы сохранения, распространения, изучения и реставрации историко-культурных памятников, расположенных на территории Кызылординской области. В качестве критериев оценки деятельности местных исполнительных органов был взят Закон Республики Казахстан от 2 июля 1992 года «Об охране и использовании объектов историко-культурного наследия». Памятники истории и культуры, расположенные в рамках Кызылординской области, были включены в семь условно разделенных районов, включая город Кызылорду. В статье рассматриваются итоги проводимых исследований на памятниках Сыганак, Жанкент и Чирик-Рабат, а также в дальнейшем изучение городов Жент, Асанас и Сортобе. Кроме того приводится список отреставрированных памятников на территории области в 2004-2017 гг. Также в статье отмечены результаты деятельности научно-методического совета, созданного в 2013 году, по вопросам изучения, сохранения, популяризации и использования историко-культурного наследия Кызылординской области.

Ключевые слова: Исторические и культурные памятники, паспорт, охранные доска, охранные обязательство, реставрация, консервация.

Кіріспе

Еліміздегі ғасырлар бойы жиналған құнды қазыналарымыз бен ұлттық мұраларымызды зерттеп, бағыт-бағдарларын саралап, оны еліміз бен халықаралық деңгейде насихаттап, таныту бағытында біршама жұмыстар атқарылғаны баршамамызға мәлім. Адамзаттың қалыптасу тарихындағы ежелгі неолиттік тұрақтар, сақ дәуірінің ескерткіштері Шірік рабат, Бәбіш Молла сынды қалашықтар, Жетіасар мәдениетінің ескерткіштері, ортағасырлық Сығанақ, Жанкент, Жент, Асанас, Сортөбе қалашықтары, Арал теңізінің кепкен табанынан табылған Кердері кесенесі, сондай-ақ, сәулет өнерінің ерекше үлгісімен салынған кесенелер мен мұнаралар сияқты тарихи ескерткіштер кімді де болса қызықтыратыны анық. Алаштың анасына балаған Сыр өңірі тарихи мәдени мұраға өте бай өлке (Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы, 2011).

Тарихи-мәдени мұра нысандарының зерттелуі, анықталуы, оларды есепке алу, сақтау, пайдалану, насихаттау және қалпына келтіру шаралары Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Заңы және одан туындайтын қағидалар арқылы жүзеге асады. Осы заңның 18-бабында Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының құзіреті жөнінде қарастырылған (<http://adilet.zan.kz/>).

Мақалада тарихи мұраларды қорғау, сақтау және насихаттау бағытында Кызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі мемлекеттік мекеменің аталмыш заңдағы жергілікті атқарушы орган ретіндегі атқарған жұмыстарына тоқталмақпыз.

Мекеме Кызылорда облысы әкімінің 1992 жылғы 25 қарашадағы №104 шешімімен тарихи мұраларды қорғау, қайта қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі облыстық мемлекеттік инспекциясы болып ашылған. Кейін, 2002 жылғы 19 маусымдағы Облыс әкімінің №266 қаулысымен облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі болып қайта құрылады. Қазіргі уақытта мекемеде «тарихи-мәдени мұраларды қорғау», «археология және ғылыми зерттеу» бөлімдері жұмыс жасайды (Кызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі мемлекеттік мекеме қоры).

Тарихи-мәдени мұра объектілерінің мәртебесі

Тарихи-мәдени мұра объектілері тарих және мәдениет ескерткіштері мәртебесін осы Заңда белгіленген тәртіппен өздері тарих және мәдениет ескерткіші деп танылған кезден бастап иеленеді. Тарихи-мәдени мұра объектілерін Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізу туралы шешім қабылдау үшін құжаттар ҚР-ның Үкіметі белгілеген тәртіппен ұсынылады. Тарихи-мәдени мұра объектілерін

тарих және мәдениет ескерткіштері деп тану оларды міндетті түрде ресми жариялануға тиісті халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінде бекіту арқылы баянды етіледі. Археология ескерткіштері олар анықталған кезден бастап тарих және мәдениет ескерткіштері мәртебесін алады (Омаров, Картаева, 2017).

Қызылорда облысы көлеміндегі тарихи-мәдени мұра объектілерінің саны 533. Оның ішінде 30-ы республикалық, 266-і жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген болса, 237 ескерткіш тарихи-мәдени мұра нысандарының алдын-ала тізіміне алынған (*1 кесте*). Бұл сандық көрсеткішті Қызылорда қаласы мен жеті ауданға бөліп көрсетер болсақ:

1. Арал ауданында – 70
 2. Қазалы ауданында 104
 3. Қармақшы ауданында – 86
 4. Жалағаш ауданында – 63
 5. Сырдария ауданында 48
 6. Қызылорда қаласында 79
 7. Шиелі ауданында – 45
 8. Жаңақорған ауданында – 38
- Облыс бойынша археологиялық ескерткіштер –131

Сәулет және қала құрылысы ескерткіштері – 402

Аталмыш бабтың 7 және 10-2 бөлімдеріне сәйкес облыс төңірегіндегі мемлекет қорғауына алынған тарих және мәдениет ескерткіштердің қорғау міндеттемелері рәсімделіп, төлқұжаты жаңаланды және қорғау тақталары орнатылды (<https://e-kyzylorda.gov.kz/>).



Облыс көлеміндегі тарихи-мәдени мұра объектілерінің көрсеткіштері

Аудандар мен Қызылорда қаласы бойынша	Ескерткіштер саны	Республикалық маңызы	Жергілікті маңызы	Алдын-ала есепке алынған	Археологиялық ескерткіштер	Қала құрылысы және сәулет ескерткіштері
Арал ауданы	70	1	44	25	26	44
Жалағаш ауданы	63	1	28	34	16	47
Жаңақорған ауданы	38	5	16	17	12	26
Қазалы ауданы	104	6	60	38	5	99
Қармақшы ауданы	86	6	48	32	42	44
Қызылорда қаласы	79	4	31	44	-	79
Сырдария ауданы	48	4	15	29	15	33
Шиелі ауданы	45	3	24	18	14	31
Қорытынды	533	30	266	237	131	402

1-кесте

Археологиялық зерттеулер

2004 жылды «Мәдени мұра» жылы деп жариялауы, халқымыздың тарихына үлкен мән бергендігі. Бұл бағдарлама өте орынды дер кезінде қолға алынған игілікті іс болды. «Мәдени

мұраның» жолға қойылуы көптеген жаңалықтарды ашып халқымыздың тарихына жаңа беттер қосты. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында бастау алған Қармақшы ауданындағы Шірік-рабат, Қазалы ауданындағы Жанкент және Жаңақорған ауданындағы Сығанкақ қалашықтарына жүр-

гізілген археологиялық қазба жұмыстары 2014 жылдан бері облыстық бюджеттен қаржыландырылуда. Сонымен қатар 2017 жылы Жалағаш ауданындағы Жент, Қармақшы ауданындағы Сортөбе қалашықтарына және Арал теңізінің кепкен табанындағы Кердері кесенесіне қазба жұмыстары жүргізілді (1-сурет). Соңғы жылдардағы қарқынды археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде бұл керемет ескерткіштегі жаңа ғылыми ашуларға қол жеткізілуде. Қазба маусымы аршылған нысандардың ауқымдылығымен және маңызды құрылыс орындарын сақтаумен, консервациялаумен ерекшеленеді (С.Ж. Жолдасбаев т.б, 2016).

Консервация жұмыстары барысында жергілікті табиғи материалдармен сыланып,

олардың үсті ағаш және метал жабындылармен жабылуда. Бұл шаралар алдағы уақытта осы нысандарды ашық аспан астындағы мұражайға айналдыруда үлкен септігін тигізеді хақ. Қазба барысында табылған құнды мол жәдігерлер бүгінгі күні Облыстық өлкетану музей төрінен орын алуда. Консервациялау тарих және мәдениет ескерткіштерін одан әрі бұзылудан сақтайтын және ескерткіштің тарихи қалыптасқан келбетін өзгертпей оның конструкциялық бөліктері мен сәндік элементтерін бекітуді және қорғауды қамтамасыз ететін іс-шаралар кешені. Ескерткіштің бүтін сақталуын қамтамасыз ететін іс-шаралардан тұратын аварияға қарсы жұмыстар да консервациялауға жатады.



1-сурет

Тарихи-мәдени мұраларды сақтау шаралары

Реставрация тарих және мәдениет ескерткішінің келбетін бұзатын қабаттардан тазарту жолымен оның тарихи, сәулеттік-көркемдік келбетінің сақталуы мен ашылуын, ғылыми негізделген деректер арқылы ғимараттың, ансамбльдің, кешеннің жоғалған элементтерінің орнын толтыруды қамтамасыз ететін іс-шаралар кешені; сәулеттік ескерткіштерді, материалдық мәдениет мұраларын алғашқы өңіне келтіру, жаңартып, жөндеу. Қазқайта жаңғырту Республикалық Мемлекеттік Кәсіпорнын басқарған

Қ.Тұяқбаев ағамыз «Реставрация өнердің бір түрі – жаңғырту ғылымы. Біріншіден, өнердің бір түрі; екіншіден ол үлкен еңбек; үшіншіден өндіріс; төртіншіден көптеген сәулеттік ізденісті талап ететін жұмыс. Себебі ежелгі, орта ғасыр, одан кейінгі кезеңдердің ескерткіштері сол кезеңнің сипатын, мән-мазмұнын ашу керек. Бір жері бұрыс кетсе, ол тарихи құндылығынан айрылады» деп атап айтқан (Алаш айнасы №200/09.11.2012 ж 6-бет). Осы орайда «Мәдени мұра» бағдарламасы аясынан бастау алып бүгінгі күнге дейін облыстағы қайта жаңғырту, реставрация жүргізілген ескерткіштерге тоқталсақ. 2004 жылы бұрынғы облыстық

әскери комиссариаттың ғимараты, 2005 жылы Жаңақорған ауданындағы Ақтас мешіті /ХҮІІІ ғ./, Айқожа кесенесі /ХҮІІІ ғ./, Қазалы ауданындағы Сараман Қоса мұнарасы /ХІ ғ./, 2006 жылы Шиелі ауданындағы Асан ата кесенесі және Оқшы Ата кесенесі, 2007 жылы Сырдария ауданындағы Мүлқалан кесенесі, Қалжан ахун мешіт-медресесі, Жаңақорған ауданындағы Қарасопы кесенесі, Шиелі ауданында Мақұлтам кесенесі, 2009 жылы Қазалы ауданындағы Қожаназар мешіті, Құттыбай кесенесі және Ноғай мешіті, Сырдария ауданындағы Асанас кесенесіне, 2010 жылы Шиелі ауданындағы Тәжібай кесенесі (XX ғ.), Қызылорда қаласындағы «Бұрынғы теміржолшылар клубы» ғимараты (1924 ж.), Арал ауданындағы Бәсібек кесенесіне, Жалағаш ауданындағы Иманқұл мешітіне, 2011 жылы Жалағаш ауданындағы Түмен әулие кесенесі, Қызылорда қаласындағы Айтбай мешітіне, Қармақшы ауданындағы Бұланды II кесенесіне, 2013 жылы Арал ауданындағы республикалық маңызы бар Бегім ана мұнарасына, 2014 жылы Қазалы ауданындағы Ғанибай үйіне, Қызылорда қаласындағы Облыстық әскери комиссариаттың шақыру пункті ғимараты (бұрынғы казарма), А. Токмағамбетов атындағы мәдениет орталығы ғимаратына, Қармақшы ауданындағы Қорқыт ата ескерткіш кешені, Жаңақорған ауданындағы Сығанақ қалашығының орталық мешіт-медресесі, XII-ХҮ ғғ., 2014-2016 жж. Сығанақ қалашығының солтүстік-шығыс қақпасына, 2015 жылы Қызылорда қаласындағы Облыстық тарихи-өлкетану мұражайы ғимаратына қайта-жаңғырту және рэкспозиция жұмыстары жүргізілді. 2017 жылы Қармақшы ауданындағы Қалқай ишан кесенесі, Қызылорда қаласындағы Ашаршылық және саяси-қуғын сүргін құрбандарына арналған ескерткіш, Жалағаш ауданындағы Әбжали ишин мешіті және Шиелі ауданындағы Жаназар батыр кесенесі реставрациядан өтіп, абаттандырылды.

Сонымен 2004-2017 жылдар аралығында республикалық және жергілікті бюджеттің қаржыландыруымен және демеушілік есебінен облыс көлеміндегі 30-дан аса тарих және мәдениет ескерткіштеріне реставрация яғни, қайтажаңғырту жұмыстары жүргізілген. Әрбір ескерткіштің қорғау аймақтарын белгілеу жұмыстарын жүргізу құнды жәдігерлерімізді келер ұрпаққа аманат етіп қалдыруда бізге үлкен жауапкершілік жүктейді. Сондықтан да, бұл бағыттағы тиісті шаралар қолға алынып, 2013-2017 аралығында 40-қа жуық ескерткіштердің қорғау аймақтары белгіленді. Олардың арасында

Сығанақ, Жанкент, Шірік Рабат қалашықтары, Жетіасар мәдениеті ескерткіштері, Сауысқандық петроглифтері, Қызылорда қаласындағы Теміржолшылар клубы, Ақмешіт музейі ғимараттары мен Асанас қалашығы сынды ескерткіштер бар, ал 2018 жылы Өзгент қалашығы мен Төлегетай-Қылышты ата кесенесінің қорғау аймағы белгіленетін болады. Сондай-ақ, Сығанақ қалашығын қоршау жұмыстары жүргізіледі деп күтілуде.

Консультативті-кеңесші органдар

Облыстағы тарихи-мәдени мұраларын зерттеуге, насихаттауға, оларды қорғау және пайдалану мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары нәтижесінің ғылыми маңыздылық деңгейін көтеру мақсатында 2013 жылы облыс әкімдігі жанынан ғылыми-әдістемелік Кеңес құрылды. Оның құрамына тарих, археология, этнография мәселелерін жетік меңгерген білікті мамандар енгізілді. Кеңес мүшелері облыс көлеміндегі кешенді жүргізіліп жатқан археологиялық қазбалардың есебі мен нәтижелері, алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар, ұсыныстарды қарастырады. Ал, жаңадан ескерткіштер мен мүсіндерді орнатуды ұйымдастыру мақсатында облыс әкімі орынбасарының төрағалығымен Облыста жаңа ескерткіштерді орнатуды реттеу және тарихи-мәдени мұра объектілерін тарих және мәдениет ескерткіштері деп тану, сондай-ақ оларды мәртебесінен айыру туралы қорытынды әзірлейтін облыстық комиссия жұмыс жасайды. Комиссия отырыстарында облыс аумағында монументті өнердің жаңа құрылыстарын, мемориалды тақталарды орнату, тарихи-мәдени мұра объектілерінің алдын-ала тізімін толықтыру мәселелер қаралады. Нәтижесінде облыстық комиссияның ұсынысы негізінде Мемлекеттік комиссия ең үздік деп тапқан жобалары бойынша облыс аумағында ескерткіштермен мүсіндер орнатылады.

Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы – Мәңгілік еліміздің мақсат-мұратын жүзеге асырудың түп негіздері мен бағыттарын айқындап берген ұлт жадының тұжырымдамасы. Тарихи-мәдени жадыны регенерациялау механизмін жасау мақсатында жалпыұлттық киелі жерлерді

халық санасында қалыптастыруға бағытталған «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы Сыр өңірінде де қарқынды жүзеге асырылуда. Жобаны жүзеге асыру мақсатында облыс әкімінің бекітуімен құрамында елімізге белгілі ғалымдар, өлкетанушылар, жергілікті атқарушы органдардың, оқу орындарының басшылары, мәдениет, руханият, білім, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерінен құралған «Қазақстанның киелі жерлердің географиясы» жобасын жүзеге асыру жөніндегі облыстық жұмысшы тобы құрылды және Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі жанындағы “Қасиетті Қазақстан” ғылыми-зерттеу орталығымен тығыз байланыс орнатылды. Осы жұмыстардың нәтижесінде Қазақстанның жалпы халықтық маңызы бар қасиетті орындарының тізіміне облыс бойынша 12 ескерткіш енгізілді.

Бүгінгі күнге Сарапшылар кеңесімен өңірлік маңызы бар қасиетті орындарға 35 нысан таңдалып алынды. Олар: Қазалы ауданы бойынша 7 нысан: Ноғай, Ғанибай, Қожаназар ишан мешіттері, Ғанибай үйі, Қосым қожа, Мүсірәлі әулие кесенелері, Кескен күйік қалашығы. Қармақшы ауданы бойынша: Байқоңыр ғарыш айлағы, Бәбіш мола қалашығы, Жетіасар мәдениеті, Баланды II, Марал ишан, Қалқай ишан кесенелері. Жалағаш ауданы бойынша: Әбжали ишан, Иманқұл мешіттері мен Түмен әулие кесенесі. Сырдария ауданы бойынша 6 нысан: Асанас қалашығы, Қалжан ахун мешіт-медресесі, Асанас ата, Қожан қожа, Құлболды ишан, Мүлкәлән әулие кесенелері. Шиелі ауданы бойынша: Сауысқандық петроглифі, Асан ата, Ахмет ишан, Есабыз әулие, Оразай ишан кесенелері, Ала тағы, Белең ана жерленген орындары. Жаңақорған ауданы бойынша 4 нысан: Айқожа ишан, Қарасопы, Сунақ ата кесенелері мен Ақтас мешіті. Қызылорда қаласы бойынша: Өшпес Даңқ мемориалы мен ашаршылық, саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіштер (Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары, 2017).

Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және сақтаудағы іс-шаралар

1983 жылы ЮНЕСКО жанынан құрылған Халықаралық ескерткіштер мен көрнекті орындарды қорғау мәселелері жөніндегі кеңес ассамблеясының бекіткен 18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындар күніне орай жыл сайын мекеме тарапынан

тарихи-мәдени мұраларды зерттеу, насихаттау және сақтау мәселелеріне байланысты мәдениет мекемелері мен облыс көлеміндегі мектеп, колледж, ЖОО-да түрлі шаралар өткізіледі.

Сонымен қатар мекеме қызметкерлері тарапынан республикалық телеарналардың арнайы бағдарламаларында сұхбаттар беріліп, республикалық облыстық басылым беттеріне түрлі мақалалар үнемі жарық көреді.

ЮНЕСКО (United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization – UNESCO) – БҰҰ Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйымы. Ұйым 1945 жылы 16 қарашада құрылды, штаб-пәтері Францияның Париж қаласында орналасқан. Ұйым құрамына әлемнің түкпір-түкпірінде орналасқан 67 бюро мен бөлімшелер кіреді. Бүгінгі күні Ұйымға 193 мемлекет мүше.

ЮНЕСКО-ның негізгі мақсаты – бейбітшілік пен қауіпсіздікті елдердің білім, ғылым және мәдениет салаларындағы ынтымақтастығын БҰҰ Қаулысында айтылғандай жалпыға бірдей құрметпен қарап, әділеттілік пен заңдардың орындалуын, адам құқығы, әрі негізгі бостандықтар негізінде барлық елге, түрі-түсіне, жынысына, тілі мен дініне қарамастан қамтамасыз ету арқылы нығайту. Мақсатына жету үшін ЮНЕСКО бес негізгі функцияларды жүзеге асырады: болашағы бар, келешекте адамзатқа керек білім, ғылым, мәдениет пен байланыс формаларын зерттеу; білімді ғылыми зерттеудің нәтижесіне сүйене отырып таныту, алмасу, таратумен айналысу; заңнамалық іскерлікпен: ұсыныстарды іске асыруға міндет болатын халықаралық актілерді дайындау және қабылдау; мүше-мемлекеттерге «техникалық ынтымақтастық» түрінде жобалар жасау мен дамыту салаларындағы саясатын анықтауда эксперттерінің қызметтерін ұсынады; арнайы ақпаратпен алмасуды жүзеге асырады.

Ауқымды жүзеге асырылып жатқан шаралардың бірі – Сыр өңірінің бірқатар ескерткіштерін ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар тізіміне енгізу жұмыстары болып табылады.

Бұл бағыттағы жұмыстар 2014 жылы бастау алып, бірнеше ескерткіштердің ғылыми құжаттамалары, олардың менеджмент жүйелері мен қорғау аймақтарының жобалары әзірленді. Соның нәтижесінде облысымыздағы 9 ескерткіш Сығанақ, Жанкент, Жент, Шірік-Рабат, Бәбіш Мола, Бұланды, Кескен-Күйік қалашықтары, Жетіасар мәдениетінің ескерткіштері және Сауысқандық петроглифтері ЮНЕСКО-ның алдымен ала тізіміне енгізілді.

Қорытынды

Ғылыми талдаулар аясында сарапталған мысалдар негізінде мақалаға келесідей тұжырымдар негізінде қорытынды жүргіземіз. Бүгінгі таңда Қызылорда облысында 533 ескерткіш мемлекеттік тізімге алынған болса, оның ішінде 30-ы республикалық, 266-і жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген, 237 ескерткіш тарихи-мәдени мұра нысандарының алдын-ала тізіміне алынған. Зерттеу барысында анықталғандай, тізімде келтірілген ескерткіштерге жоғарыда аталған заңнамаға сәйкес ғылыми төлқұжаты жасалынып, қорғау міндеттемелері рәсімделіп, жекелей қорғау тақтасы орнатылған. Ескерте кететін жағдай бүгінгі таңда, елімізде қаншама ескерткіштер осындай қарапайым белгілердің жоқтығынан түрлі антропогендік және техногендік бүлінуге ұшырап, тарихи құндылығы жойылып бара жатқаны белгілі. Бірақ бұл жерде тағы бір парадокс шығады, ол қорғау тақтасы қойылған ескерткіштердің өзі де елді мекендердің ішінде орналасқандықтан, шаруашылық жұмыстар кесірінен жойылуда. Мұның мысалы ретінде, Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан көне дәуірге тән ескерткіштер құрылыс материалдарының қарапайым болуына байланысты табиғат жағдайы әсерінен жойылып бара жатқанын айтуға болады.

Қызылорда облысында орналасқан Сығанақ, Жанкент, Шірік Рабад секілді тарихи ескерткіштерге кешенді археологиялық зерттеу жұмыстары үздіксіз жүргізіліп, қазба нәти-

желеріне заманауи тәжірибелер негізінде консервациялау және реставрациялау жұмыстары жүргізілуде. Оған мысал Сығанақ қаласының батыс қақпасы, орталық мешіт орны мен ханака мешітінің орны қайта жаңғыртылып отыр. Жанкент қаласындағы құрылыс қабырғаларының ашылған бөліктерін сақтау үшін, қарапайым құрылыс материалдары негізінде сылау арқылы сақтау шараларын жүргізіп отыр. Бұл өз кезегінде ескерткішті сол қалпында сақтауға және болашақта қайта зерттеуді жалғастыруда үлкен мүмкіндік туғызатыны сөзсіз. Сонымен қатар, ортағасырлық Жент, Сортөбе қалалары және Аралдың кепкен табанындағы Кердері кесенесіне жүргізілген археологиялық қазба, нәтижелері ғылыми айналымға енгізілді. Үстіміздегі жылы аталған аймақта орналасқан Қышқала, Асанас, Көккесене секілді ескерткіштерді зерттеу мәселесі күн тәртібінде тұр.

Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғаудың маңыздылығы жайында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков «Қай халықтың болса да рухани әлеміне саяхат оның көне ескерткіштерімен, тарихи орындарынан танысудан басталатыны мәлім» деп айтқан. Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау, оларды зерттеу мен насихаттау мемлекеттік деңгейдегі шара болып табылады. Осы бағытта тыңғылықты жұмыс жасап келе жатқан Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі тарапынан атқарылып жатқан жұмыстар туған жерге деген жанашырлық, құнды мұраларымызға жасалған қамқорлық деп білеміз.

Әдебиеттер

- Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы. (2011). Қызылорда облысы. Алматы: Аруна. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі <http://adilet.zan.kz/>. (09.04.2018)
- Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі мемлекеттік мекеме қоры.
- «Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ресми интернет ресурсы. <http://kyzylordaramuatniki.kz>. (11.04.2018)
- Жолдасбаев С.Ж., Жетібаев К.М., Бахтыбаев М.М., Мургабаев С.С. (2016) Сығанақ жәдігерлері. Түркістан: Тұран.
- Омаров Г.К., Картаева Т.Е. (2017) Музей нысандарын реставрациялау және консервациялау. Әдістемелік нұсқаулық Алматы: Қазақ университеті.
- Алаш айнасы №200/09.11.2012 ж 6-бет.
- Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары (2017). Астана: Foliant
- Елеуов М., Құрманқұлов Ж. (2008) Сортөбе, Жанкент және Жент. Түркістан: Тұран.
- Сыр елі Қызылорда облысы энциклопедия (2005). Алматы: Қазақ энциклопедиясы.

References

- Svod pamjatnikov istorii i kulturey Respubliki Kazahstan. Kyzylordinskaja oblast. (2007). [Set of historical and cultural monuments of the Republic of Kazakhstan. Kyzylorda region] Almaty: Aruna.
- Informacionno-pravovaja sistema normativnyh pravovyh aktov Respubliki Kazahstan. <http://adilet.zan.kz/>. [Information and legal system of normative legal acts of the Republic of Kazakhstan]. (09.04.2018)
- Fond Oblastnoe uchrezhdenie po ohrane pamjatnikov istorii i kulturey [Fund Regional institution for the protection of monuments of history and culture].
- Oficialnyj internet resurs Kyzylordinskij oblastnoj upravlenija kulturey, arhivov i dokumentacii, Oblastnoj uchrezhdenie po ohrane pamjatnikov istorii i kulturey [Official Internet resource Kyzylorda regional Department of culture, archives and documentation, Regional institution for the protection of monuments of history and culture] <http://kyzylorda-pamyatniki.kz.>(11.04.2018)
- Zholdasbaev S.Z., Zhetibaev K.M., Bahtybaev M.M., Murgabaev S.S.. (2016) Syganak zhadigerleri. [Syganak Exhibits]. Turkistan: Turan.
- Omarov G.K., Kartaeva T.E. (2017) Restavracija i konservacija muzejnyh obektov. Metodicheskie ukazanija. [Restoration and preservation of Museum objects. Methodical instructions] Almaty: Kazak universiteti.
- Alash ajnasy №200/09.11.2012.
- Regionalnye sakralnye obekty Kazahstana (2017). [Regional sacred objects of Kazakhstan]. Astana: Foliant.
- Eleuov M, Kurmankulov Zh (2008) Sortobe, Zhankent i Zhent. Turkestan: Turan.
- Syr eli Kyzylorda enciklopediasy (2005). [Area Cheese Encyclopedia Kyzylorda]. Almaty: Kazakh enciklopediasy.